



Рустем Сауытбай



ШОҚО ӘЛЕМ

Ашы Бөлме



АСТАНА КІТАП

Алматы, 2024

ӘОЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)
С24

Сауытбай Р.С.
С24 **Шоко әлем. Ащы бөлме.** / Рустем Сауытбай.
– Алматы, 2024. – 352 бет.

ISBN 978-601-370-070-0

Зұлым күштер әбден күшейіп, Шоко әлемнің басым бөлігінде салтанат құра бастайды. Шоколадтың дәмі тіптен шықпайтын болды. Ал шешуші шайқас болса жақындап қалды. Қоңыр шоколад немесе ақ тұз қалады. Енді екі әлемге де орасан зор қауіп төніп тұр. Өйткені Ишша арам пиғылын іске асыру үшін бәрін дайындап қойды. Ал Райл қателік жасап, жолынан сәл ауытқыды. Осы қиын кезеңде арқуандар шындықты толық білмейтінін түсінеді. Бәлкім, осы ащы күндер тәтті шындықтың бетін ашуға себеп болар...



ӘОЖ 821.512.122-93
КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-370-070-0

©Сауытбай Р.С., 2024
©«ASTANA-KITAP» ЖШС



Шококент қаласындағы бір үйде бір жасар бала, айналасында ешкім болмаса да қабырғаны кеміріп жатқан жоқ. Иә, иә... дәл солай. Ол жаңа ғана қабырғаны бір тістеп, бетін тыржитып, аузындағысын түкіріп жіберді. Бұл дегенің шоки сенгісіз нәрсе ғой! Бұл жайт бірнеше жыл бұрын болғанда ешқандай шоки сенбес еді. Бұрын үйде баланы жалғыз қалдыру – нағыз сұмдықтың көкесі болатын. Қалдырдың ба, үймен қоштаса бер деген сөз еді. Ал қазір бұдан ешкім қорықпайды. Қазіргі ащы шындық осы. Неге?! Себебі неде?!.. Өйткені үйлер бұрынғыдай тәтті емес. Тұз татиды. Уақыт өте келе үйлердің бәрі ащы боп бара жатыр. Сол үшін қалада үйлер бұрынғыдай көп бұзылмайтын болды. Керемет емес пе дейтін шығарсың. Алайда қала тұрғындарының ұнжырғасы түсіңкі. Үйдің қабырғаларының құрамы тұрғындарына да әсер ете бастаған болуы керек. Тұрғындар арасынан ащы жүзділер шыға бастады. Тату-тәтті жүрген шокилердің өмірі тату-ащы бола бастады. Көшеде

қабағы түюлі балақайлар көбейіп кетті. Олардың аузынан ащы-ащы сөздер де шыға бастаған. Ал ересектер «арқам ашып кетті ғой» деген сөзді жиі айтатын болды. Нан ашытып жүрген әйелдердің қамыры ащы болып кетіп жүр. Бұл Шококенттіктерге оңай соққан жоқ. Күн өткен сайын қоршаған ортаға жаны ашитындардың қатары да азайып бара жатыр.

Уақыт өте келе тәтті үйлердің саны кеміп барады. Солардың біреуінде Шоқайдың апасы кешкі ас әзірлеп, дастархан жайып жатыр. Оның үйіне басқа немерелері де келген. Апа қатты қуанып жүр: қайта-қайта кішкентайлардың маңдайынан иіскеп, беттерінен сүйіп қояды. Соған қарағанда әлі де сағынышын баса алмағанға ұқсайды. Анда-санда ең кішкентай шашы бұйра, өзі қара-торы немересін құшақтап қояды. Ол сондай тәтті, сондай сүйкімді... қанша иіскесең де тоймайсың. Шоқайды санамағанда төрт бала дастархан басына отырып алып, апасының шокобауырсағын шыдамсыз-дана күтіп отыр. Апасы пісіретін бауырсақ сондай ерекше. Дәл бұлай ешкім пісіре алмайтыны анық. Тіпті «Шоко-шок» кафесінде де мұндай емес. Бауырсақты осылай ыстықтай жегенге не жетсін? Жігіт боп қалған Шоқайдың өзі әрең шыдап отыр. Ол ешкімге білдірмеуге тырысқанымен, анда-санда жұтынып қояды. Қайтсін енді, бұл

шокобауырсақты жеген де арманда, жемеген де арманда. Бауырсақтың иісі мұрын жарып әкетіп барады. Оған қоса, кейінгі күндері бұрынғыдай таза шоколад табу оңай емес. Көбінде ащы дәм сезіледі. Шокилер мұны шоколадтың жаңа түрі деп өз-өзін жұбатып жүр. Кейбіреулер бұл ащы дәмге үйренісіп кеткені соншалық, енді тәтті шоколадты іздемейтін де болған.

– Міне, қарақтарым, сәл шыдаңдар. Дайын боп қалды, – деп апа бауырсақтарды сүзіп алып табаққа аударып жатыр.

Бір немересі орындыққа шығып алып шоқиып қарап тұр. Апасынан көзін алмай, оның әр қимылын жіті бақылап отыр. Апа бауырсақ толы табақты үлкен үстелдің дәл ортасына әкеліп қойды.

– Айналайын, жандарым, сәл шыдаңдар. Ыстық шығар. Қолдарың күйіп қалмасын, байқандар, – деді ол мейірлене қарап.

– Апа, уайымдамаңыз, – деді бір кезде Шоқай.
– Мына табақ өзі суытады екен. Есіңізде ме, кеше ғана базардан арзанға сатып алғам.

– Табақтың түсі де қап-қара екен. Түрі біртүрлі өзінің, – деді апа ұнатпағансып, бірдеңе сезгендей. Сосын бір бауырсаққа қолын тигізіп көреді.

– Ппүүу, әлі ыстық қой. Мынауың істемейтін бір бәле ғой деймін.

– Білмеймін, мұны жаңадан ашылған дүкеннен



алған едім. Істеуі керек... – дегені сол-ақ екен, домалақ бауырсақтар табақтан секіріп, үстел бетімен домалай бастады. Балалар шу ете қалды:

- Ойбай! Апа мыналар қозғалып жатыр!
- Шоқай аға!
- Анау жүріп барады!

Бір бауырсақ ашық тұрған терезенің алдына секіріп мініп, сол жерде ары-бері домалай бастады. Балалардың көңілі көтеріліп, үстелді айналып жүгіріп жүр.

– Мынау менікі!

– Анау үлкені менікі! Мен бірінші айтып қойдым!

Ешкім тиіспесін.

– Мыналарға не болған?! Тіріліп кеткеннен сау ма, өзі?! Астапыралла, – деп апасы шошып кетті.

Осылай деп айтып үлгергенше болған жоқ, терезенің алдында тұрған бауырсақ сыртқа қарай домалап түсті. Бәрі терезеге қарай жүгіріп барып, не болғанын көрмекке ұмтылды. Ал бауырсақ болса, бақша ішімен домалап барады. Мұны бақылап тұрған бұйра шашты кішкентай қыздың есіне бір ертегі түсіп кетті:

– *Мен атамнан қаастым,*

Мен апамнан қаастым.

Мен қояннан қаастым.

Мен қасқырдан қаастым.

...



Мұны естігенде бәрі бірден күліп жіберді. Бұл айтқаны бәрінен бұрын апасына қатты ұнады.

– Жарайды, бір бауырсақ кем болса ештеңе етпес. Түлкінің нәсібесі болар, хо-хо-хо- ...

– Ал келіндер, балалар, – деп Шоқай балаларды дастархан басына шақырды. – Мыналар әбден домалап-домалап суып қалатын болды. Негізі бәріне жан бітірген мына табақтың күші ғой. Ішінде ыстық тағамды суытатын... ссс... ммм... арқуа деп пе еді. Иә, солай деген болатын, – деді ол, алайда дауысы сенімсіздеу шықты. – Тек қалай жұмыс істейтінін айтпаған еді. Енді біліп жүреміз, жақсы болды ғой. Әйтпесе картоп немесе палау болғанда мына жердің астаң-кестеңін шығаратын еді, ха-ха-ха...

– Хе-хе-хе...

– Хи-хи-хи...

Бәрі жүгіріп барып үстел басына жайғасты. Бауырсақтар табаққа қайта жиналыпты. Олар әлі толық суып үлгермеген екен. Балалар бірден бас салды. Бауырсақты бірінен соң бірін қомағайлана жеп жатыр.

– Имм... дәмді екен, апа.

– Ас болсын, айналайындар.

– Имм... қандай күшті...

Біраздан соң бауырсақтың екінші табағы да дайын болды. Апа бұл жолы басқа бір шұңғыл табақпен әкеліп, үстелдегі қара жалпақ табаққа